



БҰЙРЫҚ

Досжанұлы Оңғары
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ *29/1*
город Балхаш

**Сыбайлас жемқорлықты
алдын-алу жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында және «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ 01 қыркүйек 2020 жылғы №226 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарында:
 - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
 - мерекелік күндерді оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға тыйым салынады.
2. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылар мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);
3. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін

4. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын;

5. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған білім беру ұйымдарының педагогтарына тәртіптік жазадан лауазымынан босатуға дейінгі шаралар қолданылсын.

6. Осы бұйрықты мектептің барлық қызметкерлерінің назарына жеткізу оқу ісінің орынбасары М.Д.Торғаутова жүктеледі.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор  А.Т.Абдуалиева

